

Елі сүйген - Елбасы

Оңтүстік Қазақстан облыстық көзі көрмейтін және әлсіз көретін азаматтарға арналған арнайы кітапханасында 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні мерекесіне арналған танымдық іс – шара болып өтті. Іс – шара көзі көрмейтін және әлсіз көретін балаларға арналған «Үміт» мектеп интернатының 4 сынып оқушыларына арналып өтті. Мәсәте, оқушыларды Н. Ә. Назарбаевтың өмір – жолымен, туып өскен жерімен, қызмет еткен орындары, халқына арналған жолдаулары, кітаптары, «Озекжарды ойларымен» таныстыру. Іс – шара оқушылардың «Әнұран» орындауынан басталды. Елбасының өмірбаяны кенінен әнгімеленіп, дүниеге келу тарихы тартымды етіліп баяндалды. «Ойға шабуыл» - атты викториналық ойын жүргізіліп, оның барысында оқушылар екі командаға бөлініп, сұрақ жауаптарын кезегімен тауып отырды. Іс – шараның кейінгі бөлімінде «жұмысшы Нұрсұлтан», «Саяси өмір бастауы..» тақырыптары талқыланды. Әрбір мәлімет балаларға түсінікті етіліп жеткізіліп отырды. Қазақстанның «Тәуелсіздік алуы» жөніндегі негізгі мәлімет өте қызу талқыланды. Оқушылардың мектеп бағдарламасында өтіп жатқан барша тақырыптары мен беріліп жатқан мәліметтің сабақтастығы анық байқалды..

Н.Ә Назарбаевтің жазған кітаптары, «Озекжарды ойлары», Елбасы туралы түсірілген фильмдер мен деректі фильмдер, жазған әндері жайында әдеби мазмұндағы қызықты мәліметтер өз кезегімен беріліп жатты.

Елбасының «жасампаздыққа толы өмір жолындағы» жеткен жетістіктері, шыққан шындары, алған асулары мен көтерілген лауазымдары таныстырылды. Орелі отбасы, дарынды балалары жайында және де Елбасыға арнап жазылған «арнау» өлеңдерден үзінділер оқылды..

Кештің үшінші бөлімінде «Хабар» агенттігі түсірген «Бейтаныс Назарбаев» атты деректі фильмі көрсетілді. Фильмде Елбасының өзі өмірбаяның қызықты етіп баяндап береді. Фильмнің ортасында отбасылық суреттер, соғыс жылдары, ашаршылық жылдары, балалық шақ суреттері т.б. бейне материалдар көркем қолданылған. Қорытынды бөлімде елдің, Елбасының асқак армандары орындалып, қазақ деген халық дүниежүзіне

Елі сүйген - Елбасы

Авторлар: спецбіб

27.11.2014 16:57 - Жанартылган 28.11.2014 11:03

танылып, терезесі тен болганы жайында әнгіме козгалып, кеш мәнді – мағыналы отті.

Әдеби – танымдық іс – шарага тынгылыкты дайындалып, кештін кызыкты отуіне сүбелі үлестерін коскан білікті мамандар, Әбжаппарова Ә, Әбжаппарова Л, Козлова Е. және болім менгерушісі Н. Твякбаевалар болды. Келелі іс – шаралар арнайы кітапхананын кызмет корсету болімдерінде желтоксан айынын сонына дейін жалгаспак.



Елі сыйген - Елбасы

Авторлар: спецбпб

27.11.2014 16:57 - Жанартылған 28.11.2014 11:03

